
Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 23 қаңтар 2020 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан арқылы Қытайға жөнелтілетін ресейлік мұнайдың транзиті тоқтатылмаған туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесі арқылы Қытайға тасымалданатын ресейлік мұнайдың транзиті тоқтатылмады және ГОСТ шеңберіндегі сапа мен келісімді міндеттерге сай толықтай жүзеге асуда.

2020 жылдың 22 қаңтарының 14:10 Мәскеу уақыты бойынша магистралды мұнай құбырлары жүйесіне «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мұнай қабылдау жартылай қалпына келтірілді. Тапсырылып жатқан мұнай құрамындағы хлороорганикалық қоспалардың мөлшері белгіленген нормалардан аспайды.

Естеріңізге салсақ, «ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесінде мұнай қабылдау кезінде мұнай сапасын сараптау нәтижелеріне сай 204°C дейін қайнайтын фракцияда хлороорганикалық қоспалардың шамадан тыс екендігі анықталды. Сол күні «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» акционерлік қоғамымен тапсырылатын мұнай сапасына қатысты сұрақтарды шешу үшін мұнай қабылдау тоқтатылды.

Магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша экспорт пен ҚР МӨЗ-на тасымалданатын мұнай көлемінің төмендеуіне байланысты ҚР Энергетика министрлігі 2020 жылдың қаңтар айына мұнай жеткізу кестесіне түзетулер енгізді. Оның ішінде, Қытай бағыты бойынша қазақстандық өндірушілермен тасымалданатын мұнай экспорты төмендеді. Босаған көлемдер ПҚОП жүктеу үшін қайта бағытталды. Сонымен қатар, ПМӨЗ жүктеу кестесі де өзгертілді.

Бүгінгі таңда магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалы түзетілген кестеге сай жүзеге асуда.

Анықтама

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Шымкентте, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе облыстарында орналасқан. 5 бағыт бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Атырау – Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерге мұнай құю), темір жол (цистерналарға құю), ҚҚЖ жүйесіне ауыстырып тиеу.

«ҚазТрансОйл» АҚ жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті